

## **"Қазинтермед-оптика" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 17 маусым N 652. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.20. N 758 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) ұлттық бағдарламасына сәйкес, "Мемлекеттік холдинг компаниялары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1138 қаулысын орындау үшін, республика халқын жоғары сапалы медицина жабдықтарымен, көз ауруларын емдеуге қажетті аспаптармен және дәрі-дәрмектік препараттармен қамтамасыз ету, барлық меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеуді одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен акционерлік қоғамдардың құрамында "Қазинтермед-оптика" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан былай - Компания) құрылсын.

Компания басқармасының тұратын жері Алматы қаласы болып анықталсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

осы қаулының қосымшасында көрсетілген мемлекеттік кәсіпорындар, ұйымдар мен акционерлік қоғамдар құрамында Компания құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін бір ай мерзім ішінде әзірлесін;

кәсіпорындардың, ұйымдардың мемлекеттік мүлкін және бұрын құрылып Компанияның құрамына енген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын Компанияға табыстайтын болсын;

мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерленуіне қарай Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялар пакетінен басқа акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын Компанияға берсін.

3. Компания қызметінің негізгі мақсаттары:

республика халқының жоғары сапалы медициналық жабдықтарға, аспаптар жиынтығы мен дәрі-дәрмек препараттарына деген қажетін қанағаттандыру;

Компанияға енген кәсіпорындардың өз қызметіне неғұрлым тиімді жағдай жасау жөніндегі жұмысын үйлестіру;

Компания кәсіпорындарының өндірістік бағдарламаларының теңдестірілуіне, нарықтық конъюнктура мен маркетинг қызметіне талдау жасау;

капиалды өндірістік, коммерциялық, ғылыми-техникалық қызмет пен әлеуметтік салаға инвестициялау;

еншілес қоғамдар мен кәсіпорындарды қаржыландыру үшін шетелдік және отандық инвесторларды іздестіруді жүзеге асыру;

ғылыми-техникалық әзірлемелер, стандарттау, айналадағы ортаны қорғау және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы стратегия мен тактиканы қалыптастыру;

кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

Компания құрамына кіретін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын тағайындау;

еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың бақылаушылар кеңесін қалыптастыру, олардағы өз өкілдерін тағайындау деп анықталсын.

4. Компания бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың бақылаушылар кеңесінің құрамына өз өкілдерін тағайындап, олардың бұрынғы басшылығын сақтайтын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі "Казинтермед" республикалық сыртқы экономикалық бірлестігімен бірлесіп Компания қызметін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдық шараларды қолдансын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті "Казинтермед" республикалық сыртэкономикалық бірлестігімен бірлесе отырып, қолда бар ресурстар есебінен Компанияға қажетті қызметтік үйлер, техникалық құралдар мен телефон және телекс байланысы арналарын бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 17 маусымдағы

№ 652 қаулысына

Қосымша

"Казинтермед-оптика" мемлекеттік акционерлік

компаниясының құрамына кіретін  
кәсіпорындар мен ұйымдардың  
Тізбесі

- "Казинтермед" республикалық сыртқы экономикалық бірлестігі
- "Оптика" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
- "Оптика" өндірістік-сауда бірлестігі, Алматы облысы
- "Оптика" өндірістік-сауда бірлестігі, Ақмола облысы
- "Оптика" өндірістік-сауда бірлестігі, Атырау облысы
- "Оптика" мемлекеттік-сауда бірлестігі, Шығыс Қазақстан облысы
- "Сұңқар-оптимед" шағын жеке меншік кәсіпорны, Жамбыл облысы
- "Оптика" өндірістік-сауда бірлестігі, Жезқазған облысы
- "Оптика" өндірістік-сауда бірлестігі, Батыс Қазақстан облысы
- "Қарағанды-оптика" жауапкершілігі шектеулі серіктестік,  
Қарағанды облысы
- "Көзәйнек" ("Оптика") ашық үлгідегі акционерлік қоғамы,  
Көкшетау облысы
- "Оптика" шағын кәсіпорны, Қостанай облысы
- "Оптика" өндірістік-сауда бірлестігі, Қызылорда облысы
- "Оптика" өндірістік-сауда бірлестігі, Ленинск қаласы
- "Оптика" өндірістік-сауда бірлестігі, Маңғыстау облысы
- "Оптика-сервис" фирмасын жауапкершілігі шектеулі серіктестік,  
Павлодар облысы
- "Оптика" өндірістік-сауда бірлестігі, Семей облысы
- "Оптика" дүкендерінің жалгерлік кәсіпорны, Солтүстік Қазақстан  
облысы
- "Оптика" шағын жеке меншік кәсіпорны, Талдықорған облысы
- "Айсұлу" өндірістік-коммерциялық фирмасы" шағын жеке меншік  
кәсіпорны, Торғай облысы
- "Оптика" өндірістік-сауда бірлестігі, Оңтүстік Қазақстан  
облысы
- "Үміт" медициналық сақтандыру корпорациясы, Оңтүстік Қазақстан  
облысы
- "Агросервис" фирмасы" шағын кәсіпорны, Алматы қаласы
- "Снабкомплект" фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,  
Алматы қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК